

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	3/12 БС	4/12 ЖМ	5/12 СН	6/12 ЖК	7/12 ДС	8/12 СС	9/12 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	-2 -5	-2 -4	-5 -8	-6 -8	-6 -7	-5 -8	-4 -5
Жауын - шашын (тәулік ішінде)		☁	☁	☁	☁	☁	☁	☁
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		735	732	728	734	734	730	726
Желдің бағыты		О-Ш	О-Ш	Б	О-Ш	О-Б	О-Б	О-Б
Желдің шапшаңдығы		3-5	3	4-6	3-5	5	5	5

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Құттықтаймыз!

Айыртау ауданы, Сарыөзек ауылының тумасы, қазір Қаратал ауылында тұратын атамыз **Жұмабеков Орынбайды** 80 жасқа толуымен құттықтаймыз. Атамызға мықты денсаулық, балалары мен немерелерінің қызығына тоймай алаңсыз өмір сүруін тілейміз.



**Атамыз шықты міне сексеннің шыңына,
Дені сау, бай қуатты тыңында.
Той жасаймыз ауыздықтап нарықты,
Тоқырауға тіке салып құрықты.
Тілейміз атамызға ұзақ еұмыр,
Жалаанды жалпағынан басқан өмір.
Балалар немеремен аман болып,
Тоқсанды да тұсауға жазсын Тәңір.**
Ізгі тілекпен: балалары, немерелері және шөберелері.



«Нұр Отан»: күнбе-күн

Партияға мүшелікке қабылданды

1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай ауданымызда көптеген игі іс-шаралар ұйымдастырылды. Солардың бірі әр саладағы қызметкерлердің «Нұр Отан» партиясына мүшелікке қабылдануы болды.



Қараша айының соңғы күнінде «Нұр Отан» партиясы ғимаратында партияға мүшелікке өткен азаматтарды қабылдап, оларға партиялық билеттер табыс етілді. «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Болат Ахметжанов нұротаншыларды партия құрамына кірулерімен құттықтап, олармен еліміздің экономикалық хал-ахуалы жайында біршама пікір алмасып,

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы туралы талқылау өткізді. Сөз соңында Болат Қадырұлы партия құрамына өткен ауданның тоғыз қызметкеріне еліміздің жарқын болашағы жолында қызмет ете берулеріне тілектестігін білдірді.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.

Спорт

Әділбек — Еуразия чемпионы

Ресей тарихындағы кекушинкай каратеден «Сібір – Азия» атауынан бастау алған ірі халықаралық турнир болып өтті. Қазіргі таңда «Еуразия кубогы – 2015» аталған жыл сайынғы дәстүрлі турнир қарашаның 21 жұлдызында Ресей Федерациясының Барнаул қаласында өткізілді.



Сайысты ұйымдастырушылар - «Ресей кекушинкай карата одағы» мен Алтай аймақтық бөлімі.

Көптеген жылдар бойы қазақ каратешілері Ресей спортшылары мен бірге аталмыш жарыстың қатысушылары болып келеді. Турнирге Қазақстанның 9 қаласынан 250 спортшы қатысты. Атап айтар болсақ, Астана, Алматы,

Ақтау, Ақтөбе, Көкшетау, Павлодар, Петропавл Семей, Шымкент қалаларының өкілдері. Біздің команданың көптеген мүшелері Германияда өткен Әлем кубогының жүлдегерлері, командалық есепте бірінші орынға табан тіреген каратешілеріміз. Ресейліктер өздерінің 11 қаласынан мықты деген спортшыларын сайысқа қатыстырды. Бұл турнирге қатысушы спортшылар саны бұған дейін өткізілген турнирлерге қарағанда рекордты көрсеткішке жетті. Турнир тарихында алғаш рет 560-тан астам спортшы өнер көрсетті.

Спорттың осы саласында түрлі деңгейлік жарыстарға қатысып жүрген ауданымыздың жас каратешілері осы турнирде Қазақстан құрамасы атынан бақ сынау құрметіне ие болды.

Қазақстан спортшылары бұл сайыстан абыроймен оралды. Турнир қорытындысында жалпы есепте 221 ұпай жинаған Қазақстан құрама командасы турнир жеңімпазы атанды. Ресей командасы 180 ұпаймен біздің командаға жол берді. Біздің айыртаулық спортшылар да жалпыкомандалық жеңіске жетуде өз үлестерін қосты. 16-17 жас аралығындағы спортшылардың арасынан 60 кг. салмақ дәрежесінде топ жарған жерлесіміз Әділбек Молдағалиев алтыннан алқа тағынып, турнир кубогын иеленіп, арнайы дипломмен марапатталды. Сондай-ақ Кошелев Даниил турнирдің 4 орынына тұрақтады.

Айыртау топшырағынан түлеген өрімдей қос спортшы Қазақстанға Айыртауды танытып қана қоймай, өлемге Қазақстанды танытып жүрген бүгінгі жас батырлары.

Сайыпқырандарға алдағы уақытта да тек спорттың биік белінен көрініп, қазақтың көкбайрағын көк аспанда желбірте беріндер деген тілек білдіреміз.

Мақпал СЕРІКБЕКҚЫЗЫ.

Баспасөз хабарламасы

РЕСПОНДЕНТТЕР ҮШІН

Ақпараттық ресурстарға деген қызығушылық пен сұраныс үздіксіз арта түсуде. Статистика департаментінің Интернет-ресурсына жыл басынан 51748 респондент шолу жасады.

Статистикалық іс-шаралар нәтижелерін уақытында және сапалы тапсыру үшін респонденттерге Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы Статистика департаментінің Интернет-ресурстарына үнемі шолу жасап отыруды және жаңартылып отырылатын ақпаратты қолдануды ұсынамыз.

Солтүстік Қазақстан облысы Статистика департаментінің www.soltustik.stat.kz Интернет-ресурсында «Респонденттерге» бөлімінде барлық қажетті анықтамалық ақпарат орналастырылған: статистикалық есептілікті тапсыру тәртібі, үнемі жұмыс істеп тұратын семинарлар жоспары, іріктеме зерттеуге жататын кәсіпорындар каталогтары, статистикалық

нысандарды толтыру бойынша консультация беретін қызметтердің байланыс телефондары, респонденттер үшін хабарландырулар.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Респонденттер үшін» бөлімінде электронды статистикалық есептілікті on-line режимінде тапсыру бойынша ақпарат, статистикалық нысандар тізбесі, респонденттермен алғашқы статистикалық деректерді тапсыру кестесі, статистикалық нысандарды толтыруға арналған сыныптауыштар орналастырылған, сонымен қатар, өз БСН тереңде статистика органдарына тапсыратын статистикалық нысандар тізбесін және статистикалық есептіліктің барлық нысандарының электрондық нұсқаларын көшіріп алу мүмкіндігі іске асырылған.

Солтүстік Қазақстан облысының Статистика департаменті.

Мерейтой

Ауыл абызы – Орынбай 80 жаста

Ауданымыздың Сарыөзек ауылының тумасы, Қаратал ауылының тұрғыны, сыйлы да құрметті ауыл ақсақалы Орынбай Жұмабекұлын ауыл тұрғындары және Қаратал ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымы атынан осы атаулы мерейтойымен құттықтаймыз!

Орынбай ақсақалдың ауылға жасаған еңбегі зор, қосқан үлесі ұшан-теңіз. Өмір жолы мал дәрігерліктен басталып, Қаратал кеңшарында бас мал дәрігері, қойма меңгерушісі болып 1995 жылы еңбек демалысына шықты.

Сол себепті де ауыл тұрғындарының құрметіне әрдайым бөленіп жүрген жан – қария. Өмірі сырлы шежіре, тұнған білім-тәрбие. Өзінен тараған кейінгі буын жас ұрпақтарына өлмес өнеге.

Орекеңнің әрбір ойлап айтқан сөзі – балаларына ақыл қазына. Жүріс-тұрысы мен ісі еліне үлгі тұтарлық тағылым.

Сондықтан ауыл абызына арнап ауыл тұрғындары және бастауыш ардагерлер ұйымы төмендегі өлең жолдарын жолдайды.

Құтты болсын сексен деген жасыңыз,

Асулардан алқынбай-ақ асыңыз.

Бақытты боп отбасы ортасында,

Қуаныштан аққан судай тасыңыз!

Иә, сексен жасқа бүгін келдіңіз,

Балаларыңа жан жылуын бердіңіз.

Ұл-қыздарың аққудай бой жетті,

Сізге шаттық сыйлаймыз енді біз!

Балалардың арасында жүріңіз,

Қуанышқа шаттаныңыз, күліңіз.

Тілек өттік шын жүректен бәріміз,

Мықты болып, ұзақ өмір сүріңіз!

Айтмағанбет ДАУЫЛБАЙҰЛЫ,

Қаратал ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымы мен ауыл тұрғындары атынан.



Кітапхана тынысы

Жаңа кітапханалар ашылды

1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай 27 қараша күні Қаратал және Елецкий ауылдарында ауылдық кітапханалар ашылды.



Қаратал ауылдық кітапханасы ауылдық округ ғимаратында ашылса, Елецкий ауылдық кітапханасы «Жер-Ана» шаруа орталығы ғимаратында қолданысқа берілді. Әр кітапхананың кітап қорында ғылымның әр саласын қамтыған 1000 дана кітаптан бар. Кітапхананың әрқайсысы жаңа жиһаздармен қамтамасыз етілген. Атаулы күндер мен мерейтой иелеріне арналған кітап көрмелері ұйымдастырылған.

Мақпал СЕРІКБЕКҚЫЗЫ.

САТЫЛАДЫ

* ТЕЗ АРАДА! Жекеменшік үй, еурожөндеу, үйде дәретхана, су, пеш және электрлі жылыту жүйесі, жазғы ас бөлме, монша, құдық, су тарту жүйесі, қосалқы бөлмелер, 2 гараж, 10 сотық бақша. МКР шағын ауданында 2 бөлмелі пәтер, 4 қабат, жөндеусіз, 3 бөлмелі пәтер, 3 қабат, гаражымен. Бұзуларымен 3 сауын сиыр. «Хонда CRV» А/қ, 2003 ж.ш. Боқанова көшесі бойынан 10 сотық жер телімі. Тел: 8 (715 33) 52-6-50, 8 707 6322525, 8 707 9056507, 8 778 9056507.

* «Шағын асханасымен монша кешені» қолданыстағы бизнесі, бағасы келісім бойынша. Айырбастау. Ғимарат (бұрынғы Жетікөл селолық округі) тұрғынжайға, бизнеске ыңғайлы немесе ЖАЛҒА БЕРЕМІН. Тел: 8 (715 33) 52-6-50, 8 707 6322525, 8 707 9056507, 8 778 9056507.

* 2 ай күтімде тұрған семіртулі құнан сатамын. Қаратал ауылы. Тел 52-734.

ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРЫЛАДЫ

* Тұрақты жұмыс – Көкшетау қаласына нантасу үшін «ГАЗЕЛЬ» автокөлігіне жоғары жалақыға сәйкес тәжірибелі жүргізушілер қажет. Жеке әңгімелесу. Тел. 8 701 4615504. (4-3).

Меншік иесі және басып шығарушысы «Айыртау-Информ» ЖШС-і. Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша басып шығарылады және мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде ресми басылым болып табылады.

Директор, баспаның бас редакторы ИРИНА БУРКОВСКАЯ Редактор Бағлан ҚОЖАҚОВ

Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы, Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru

Тілші Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА Төруші Барқыт КОКЕНОВА Басушы-төруші Елена НЕСВЕТЕЕВА

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.